8D10102 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Даданбекова Дана Буркитбековнаның «COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиямен ауыратын пациенттерді емдеудегі фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық зерттеулер» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніндегі жағдай бойынша) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келуі	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі көрсетілсін); 2) басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы көрсетілсін); 3) диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым	Даданбекова Дана Буркитбековнаның «COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиямен ауыратын пациенттерді емдеудегі фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық зерттеулер» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің ғылыми бағыты Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – **«Өмір және денсаулық туралы ғылым»** бағытымен толық үйлеседі. Зерттеу жұмысының мазмұны, мақсаты мен міндеттері аталған басым бағыт аясындағы денсаулық сақтау және фармацевтика саласының өзекті ғылыми мәселелерін шешуге бағытталған.

		бағытына сәйкес келеді (бағыты көрсетілсін).	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылымның дамуына **елеулі үлес қосады** және жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы жеткілікті деңгейде ашылған. Зерттеу аясында COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиясы бар пациенттердегі созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық аспектілері кешенді түрде зерделеніп, қолданылатын емдеу тәсілдерінің клиникалық және экономикалық тиімділігіне ғылыми негізделген баға берілген. Алынған нәтижелер фармакотерапияны оңтайландыруға, дәрілік қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға және денсаулық сақтау ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған тәжірибелік ұсынымдарды негіздеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеудің нәтижелері фармация, фармакоэкономика және клиникалық фармакотерапия салалары үшін ғылыми әрі практикалық маңызға ие.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың докторанттың өз бетінше орындау және жазу деңгейі **жоғары** деп бағаланады. Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау жасалып, зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған, зерттеу

			әдістері негізделіп, алынған нәтижелер жүйелі түрде талданып, ғылыми қорытындылар мен практикалық ұсынымдар қалыптастырылған. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері докторанттың ғылыми жарияланымдарында көрініс тапқан. Атап айтқанда, Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда **2 мақала**, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда **2 мақала** жарияланған, сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша **1 авторлық құқық объектісіне куәлік** алынған. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерінің жеткілікті деңгейде апробацияланғанын және докторанттың зерттеу жұмысын өз бетінше орындау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі **толық негізделген**. Зерттеу тақырыбы COVID-19 инфекциясынан кейінгі кезеңде байқалатын жүрек-қантамыр жүйесі асқынуларының, соның ішінде кардиомиопатия мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің клиникалық және әлеуметтік маңыздылығымен айқындалады. Аталған пациенттер тобында оңтайлы

			фармакотерапияны таңдау, емдеудің клиникалық тиімділігі мен пациенттердің өмір сапасын арттыру, сондай-ақ дәрілік терапияға жұмсалатын шығындарды ұтымды пайдалану денсаулық сақтау жүйесі үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиясы бар пациенттерде қолданылатын фармакотерапиялық тәсілдерді клиникалық және фармакоэкономикалық тұрғыдан кешенді бағалау қажеттілігі диссертациялық зерттеудің өзектілігін айқындайды. Зерттеу нәтижелерінің созылмалы жүрек жеткіліксіздігі фармакотерапиясын оңтайландыруға, клиникалық және экономикалық тұрғыдан негізделген емдеу тәсілдерін таңдауға және денсаулық сақтау ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталуы жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығын арттырады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын **толық айқындайды**. Жұмыста COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиясы бар пациенттердің фармакотерапиясы мен фармакоэкономикалық көрсеткіштері кешенді түрде зерттелген. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, алынған нәтижелері мен қорытындылары диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді және оның

			мазмұнын жүйелі түрде ашады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына **толық сәйкес келеді**. Белгіленген міндеттер зерттеудің негізгі бағыттарын қамтып, фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық бағалауды жүйелі жүргізуге бағытталған. Алынған нәтижелер қойылған мақсат пен міндеттердің толық орындалғанын көрсетеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан**; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы өзара **толық логикалық байланысқан**. Зерттеу материалы мақсат пен міндеттерге сәйкес бірізді баяндалып, әдеби шолудан бастап зерттеу нәтижелері мен қорытындыларға дейін мазмұндық сабақтастық сақталған. Әрбір бөлім алдыңғы бөлімнің нәтижелерін толықтырып, зерттеудің жалпы логикасын қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 4) талдау жоқ	Диссертациялық жұмыста **сыни талдау толық жүргізілген**. Алынған нәтижелер отандық және шетелдік зерттеулердің деректерімен салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан баға берілген. Автордың қорытындылары мен практикалық ұсынымдары өзіндік зерттеу нәтижелеріне негізделіп, тиісті деңгейде дәлелденген.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорғауға ұсынылған қағидаттары **толығымен жаңа** деп бағаланады. Қазақстан Республикасында алғаш рет COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиясы бар пациенттердің фармакотерапиясына кешенді клиникалық-экономикалық бағалау жүргізіліп, сакубитрил/валсартанды қолданудың клиникалық тиімділігі мен фармакоэкономикалық орындылығы зерттелген. Алынған нәтижелер негізінде фармакотерапияны оңтайландыруға және денсаулық сақтау ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары **толығымен жаңа** деп бағаланады. Олар автордың өзіндік зерттеу нәтижелеріне негізделіп, COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиясы бар пациенттердің фармакотерапиясының клиникалық және экономикалық тиімділігі туралы жаңа ғылыми деректерді қамтиды. Алынған нәтижелер негізінде емдеу тәсілдерін оңтайландыру және денсаулық сақтау ресурстарын тиімді пайдалану бойынша ғылыми негізделген тұжырымдар жасалған.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ұсынылған экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдер **толығымен жаңа және ғылыми негізделген** деп бағаланады. Диссертациялық жұмыс фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық зерттеу нәтижелеріне негізделіп, емдеу шығындарын оңтайландыруға және денсаулық сақтау ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған. Зерттеу нәтижелерінің медициналық және білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізілуі олардың практикалық маңыздылығы мен қолдану мүмкіндігін дәлелдейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан **жеткілікті және ауқымды дәлелдемелерге негізделген**. Алынған нәтижелер клиникалық, фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық деректерді кешенді талдау арқылы негізделіп, заманауи статистикалық әдістермен расталған. Бұл зерттеу қорытындыларының ғылыми негізділігі мен дәйектілігін көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет	

		7.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) қазіргі тұжырымдамада бұл ереженің дәлелденгендігін тексеру мүмкін емес.	Қорғауға ұсынылған қағидаттар **толық дәлелденген**. Олардың негізділігі диссертациялық зерттеу барысында алынған клиникалық, фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық нәтижелердің кешенді талдауымен расталған. Автор зерттеу міндеттеріне сәйкес пациенттердің фармакотерапиясының ерекшеліктерін бағалап, қолданылған емдеу тәсілдерінің клиникалық тиімділігі мен экономикалық көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізген.
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ** 3) қазіргі тұжырымдамада бұл ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес.	Қорғауға ұсынылған қағидаттар **тривиалды емес**. Олар бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдарды қайталаумен шектелмей, диссертациялық зерттеу барысында алынған жаңа нәтижелерге негізделген.
		7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ 3) қазіргі тұжырымдамада бұл ереженің жаңалығын тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда тұжырымдалған қағидаттар автор жүргізген дербес зерттеулердің нәтижелеріне негізделген және қарастырылып отырған ғылыми мәселе бойынша жаңа нәтижелер мен тұжырымдарды қамтиды**.**
		7.4 Қолданылу деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең;** 4) қазіргі тұжырымдамада ереженің	Қорғауға ұсынылған қағидаттардың **қолданылу деңгейі кең**. Зерттеу нәтижелері COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиясы және созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттердің

		қолданылу деңгейін тексеру мүмкін емес.	фармакотерапиясын оңтайландыруда, емдеу тәсілдерінің клиникалық және экономикалық тиімділігін бағалауда, дәрілік қамтамасыз етуді жетілдіруде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, алынған нәтижелер медициналық және фармацевтикалық ұйымдардың практикалық қызметінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу және ғылыми-зерттеу үдерісінде пайдалануға мүмкіндік береді.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) қазіргі тұжырымдамада мақаладағы ереженің дәлелденгендігін тексеру мүмкін емес.	Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми жарияланымдарда жеткілікті деңгейде дәлелденген. Зерттеу нәтижелері бойынша Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда **2 мақала**, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда **2 мақала** жарияланған. Жарияланған еңбектердің мазмұны диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындыларын қамтып, олардың ғылыми негізділігі мен дәйектілігін айқындайды.
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия;	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған зерттеу әдістері қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес таңдалып, олардың қолданылуы тиісті деңгейде негізделген.

		2) жоқ	Жұмыста фармакотерапиялық және клиникалық бағалау, сауалнама, статистикалық талдау, сондай-ақ фармакоэкономикалық зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылған. Зерттеудің ұйымдастырылуы, деректерді жинау мен өңдеу тәртібі жүйелі сипатталған. Қолданылған әдістемелік тәсілдер алынған нәтижелердің объективтілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістер мен компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Зерттеу деректерін өңдеу және интерпретациялау барысында статистикалық және фармакоэкономикалық талдау әдістері, экономикалық тиімділікті бағалау, Марков моделі және Монте-Карло симуляциясы қолданылған. Компьютерлік технологияларды пайдалану алынған деректерді жүйелеуге, сандық бағалауға және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін негіздеуге мүмкіндік берген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер	Диссертацияда қалыптастырылған ғылыми тұжырымдар мен теориялық қорытындылар автордың өзіндік зерттеу нәтижелерінен туындайды. Жұмыста пациенттердің клиникалық көрсеткіштері, жүргізілген фармакотерапияның нәтижелілігі және емдеудің экономикалық тиімділігі кешенді

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ	бағаланып, алынған деректер тиісті статистикалық әдістермен талданған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста келтірілген маңызды ғылыми мәлімдемелер **нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған**. Автор зерттеу тақырыбына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдарды, халықаралық клиникалық ұсынымдар мен өзекті дереккөздерді пайдаланған. Әдеби деректер зерттеу нәтижелерін талқылау және алынған тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін орынды қолданылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 120 әдебиет көздері қолданылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: **1) ия;** 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсынымдар С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің, Астана медицина университетінің және Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының білім беру үдерісіне енгізілген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ, Жетісу облыстық кардиологиялық орталығы, Талдықорған

			қалалық емханасы, «Нұр Авиценум» кардиологиялық орталығы, «Heart Care Clinic» медициналық орталығы және Ескелді аудандық орталық ауруханасының практикалық қызметінде қолданылуда. Зерттеу нәтижелерінің білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне енгізілуі диссертациялық жұмыстың ғылыми-практикалық құндылығы мен қолданбалы маңызын айқындайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың **практикалық маңызы жоғары**, ал алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жеткілікті деңгейде негізделген. Зерттеу нәтижелері Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының практикалық қызметіне енгізіліп, қолданылуда.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу нәтижелері негізінде әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсынымдар фармакотерапияны жетілдіруге, дәрілік қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға және денсаулық сақтау ресурстарын оңтайлы пайдалануға бағытталған. Ұсынылған тәсілдер автордың өзіндік зерттеу деректеріне негізделіп, қарастырылып отырған мәселені шешудің ғылыми тұрғыдан негізделген жаңа бағыттарын ұсынады.

10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташадан төмен; 3) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде болып табылады. Материал ғылыми стиль талаптарына сәйкес жүйелі әрі бірізді баяндалған, терминология орынды қолданылған. Зерттеу нәтижелері, ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар өзара логикалық байланыста ұсынылып, пайдаланылған әдебиеттерге тиісті сілтемелер берілген. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны академиялық жазудың негізгі талаптарына сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		1) Әдеби шолу бөлімінде COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатия мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігіне қатысты көптеген ғылыми деректер қамтылған. Дегенмен, соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижелерін жеке салыстырмалы кесте түрінде жүйелеу бөлімнің ақпараттық құндылығын арттыра түсер еді. 2) Диссертацияның кейбір бөлімдерінде көлемді кестелер мен статистикалық мәліметтер берілген. Олардың негізгі нәтижелерін мәтіндік тұрғыдан ықшамдап, маңызды көрсеткіштерге басымдық беру жұмыстың қабылдануын жеңілдетер еді.

12	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді).	1) Основные аспекты заболевания хронической сердечной недостаточности и COVID-19 индуцированной кардиомиопатии. 2) Оценка состояния пациентов с хронической сердечной недостаточностью при COVID-19 индуцированной кардиомиопатии. 3) Cost – effectiveness of cardiomyopathy ambulatory therapy after COVID-19 in Kazakhstan. 4) Quality of life of patients with cardiomyopathy treated with sacubitril/ valsartan vs. Standard therapy during or after COVID-19 in Kazakhstan.	Докторанттың диссертация тақырыбы аясында жарияланған ғылыми еңбектері зерттеудің негізгі бағыттары мен алынған нәтижелерін жеткілікті дәрежеде көрсетеді. Жарияланымдарда созылмалы жүрек жеткіліксіздігі және COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатия мәселелері, пациенттердің клиникалық көрсеткіштері, амбулаториялық фармакотерапияның фармакоэкономикалық аспектілері, сондай-ақ сакубитрил/валсартан терапиясының пациенттердің өмір сапасына ықпалы қарастырылған. Ғылыми жұмыстар заманауи зерттеу әдістерін қолдану арқылы орындалып, ұсынылған нәтижелер тиісті деңгейде негізделген және практикалық маңызға ие. Жарияланған еңбектер диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелерінің ғылыми ортада апробацияланғанын және автордың зерттеу бағыты бойынша жеткілікті ғылыми құзыреттілігін айқындайды.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)		Даданбекова Дана Буркитбековнаның «COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиямен ауыратын пациенттерді емдеудегі фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық зерттеулер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан негізделген, мазмұны мен

			құрылымы жағынан толық аяқталған, автордың дербес орындаған ғылыми зерттеуі болып табылады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығын, алынған нәтижелердің негізділігі мен практикалық маңыздылығын ескере отырып, Даданбекова Дана Буркитбековна 8D10102 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп есептеймін.

Рецензент:

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ,
фармакология кафедрасының меңгерушісі, профессор,
мед.ғ.кандидаты **Сатбаева Э.М.**

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного обеспечения и контроля
НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова»